

Утверждено
методикой
Д.Б.М.

21.03.2025 ж.

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің
«Қазақ тілі» ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы
(оқыту басқа тілде жүргізілетін топтар)**

Мектепке дейінгі ұйым: «Балажан» б/балабақшасы

Топтар: «Звездочки» ересек тобы
«Лучики» мектепалды тобы

Балалардың жасы: 3 жастағы, 4 жастағы, 5 жастағы балалар

Жоспар қандай кезеңге жасалды: 24.03 – 28.03. 2025 жыл (4-апта) Апта дәйексөзі «Патриотизмі жоқ халық жаны жоқ тәнмен тең»

Күн тәртібі	Дүйсенбі 24.03	Сейсенбі 25.03	Сәрсенбі 26.03	Бейсенбі 27.03	Жұма 28.03
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	«Қазақ тілін үйренеміз» ата-аналарға арналған ақпарат бұрышына: «Көктем»				
Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық	Ұйымдастырылған іс-әрекетке қауіпсіз ойыншықтар мен ойын жабдықтарын таңдау. Қауіпсіз ойын алаңдарын ұйымдастыру. Ұйымдастырылған іс-әрекет басталар алдында үнемі күй қою: «Ақжелең» күйі https://lmusic.kz/mp3/asylbek-ensepov-akzhelen/149846 «Күй күмбірі» күй тыңдау				
Сөздік минимум	Қазір көктем мезгілі жаңбыр, қар, жел, суық		Өткен сөздерді қайталау		
Кестеге сәйкес «Қазақ тілі» ұйымдастырылған іс-әрекеті	Мектепалды тобы Тақырыбы: «Ұлттық тағамдар» Міндеттері: қазақ тіліндегі берілген сөздерді дұрыс айта білуді және ол сөздерді қолдануды үйрету; сөз ішіндегі қазақ тіліне тән қ, і, ы, ұ, ғ дыбыстарын дұрыс айтуға		Мектепалды тобы Тақырыбы: «Кел, қайталайық!» Міндеттері: балалардың қазақ тіліне деген қызығушылығын арттыру; «ұ», «ү» дыбыстарын дұрыс айтуға жаттықтыру, сөздерді дұрыс қолдануға үйрету; домбыра туралы білімдерін бекіту, ұлттық аспапқа		

	<p>дағдыландыру; ұлттық тағамдарды айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру; сөздерді сөйлемдерде байланыстырып құрастыруды үйрету; заттармен іс-әрекеттерді білдіретін сөздерді түсіну және оларды ауызекі тілде қолдану. Балалар, қазір қай жыл мезгілі? Қазір көктем мезгілі. Көктем мезгілінде неше ай бар? Көктем мезгілінде үш ай бар: наурыз, сәуір, мамыр. Көктемде қар ери бастайды. Құстар ұшып келеді. Көктемде ағаштар бүршік атады. Қызғалдақтар гүлдейді. Наурыз айында қандай мерекені тойлаймыз? Наурыз мерекесін. Наурыз – көктемгі Жаңа жыл. Бұл көне және әдемі мереке. Наурыз мерекесіндегі басты тағам қалай аталады? Ең басты тағам – наурызкөже. Наурызкөжеге қанша тағам қосылады? 7 тағам қосылады: су, сүт, ет, күріш, арпа, тары, тұз. Наурыз мерекесінде киіз үйлер тігіледі. Киіз үйді қалай тігеді? Алдымен керегені мен сықырлауықты қояды, содан кейін шаңырақты көтеріп, уықтарын тағады да сыртынан киіз жабады. Балалар, біз бүгін киіз үйдегі әжемізге қонаққа барамыз. Ләпбук «Киіз үйдегі дастарқан»</p>		<p>қызығушылық ояту; Наурыз мерекесі туралы түсініктерін кеңейту.</p> <p>Балалар, біз бүгін ерекше саяхатқа шығамыз. Қазақтың ұлттық аспабы домбыра, қызықты Ұ, Ү дыбыстары және керемет Наурыз мерекесі туралы қайталаймыз! (Балаларға көңілді қазақ күйін тыңдатып, ҰІӨ-ке қызықтыру.) "Ұ" және "Ү" дыбыстары : Педагог "Ұ" және "Ү" дыбыстары бар суреттерді көрсетеді (мысалы: ұл, гүл, күміс, үй). Балалар қай дыбыстың "Ұ", қайсысының "Ү" екенін ажыратады. "Жасырын сөз" ойыны: Педагог басталған сөзді айтып, балалар жалғастырады. Мысалы: Ұ... (ұшак), Ү... (үкі).</p> <p>Домбыра туралы қайталау. Педагог балаларға домбыра суретін немесе нағыз домбыраны көрсетеді. Сұрақ-жауап: "Бұл не?", "Домбыраның қандай бөліктері бар?" Күй тыңдау ("Ақжелең" күйі). "Домбырамен ән салайық!" ойыны: балалар домбыраның даусын келтіріп, ұлттық әндерден үзінді айтады.</p> <p>Наурыз мерекесі. Суреттер арқылы Наурыз мерекесі туралы сұхбат. "Наурыз дастарханы" ойыны (балалар дастарханға қандай тағамдар қойылатынын атайды: бауырсақ, көже, қымыз, ет). "Көктем келді" қимыл-қозғалыс ойыны (балалар</p>		
--	---	--	--	--	--

	<p>Сәлеметсіңдер ме, балалар!? Сәлеметсіз бе, әже! Келіндер, балалар, дастарқанды айнала отырыңдар, мен сендерге қазақтың ұлттық тағамдарымен таныстырайын.</p> <ul style="list-style-type: none"> - Мынау – қымыз. - Мынау – шұбат. - Мынау – қазы. - Мынау – бауырсақ. - Мынау – құрт. - Мынау – ірімшік. <p>Липучкалы ойын «Ұлттық тағамдар» Балалар ұлттық тағамдарды тауып, көлеңкесіне сәйкестендіріп жапсырады.</p> <p>«Маған берші» ойыны Балалар сөздерді сөйлемдерде байланыстырып құрастыруды үйренеді Маған қымыз берші. Маған шұбат берші. Маған қазы берші. Маған бауырсақ берші. Маған құрт берші. Маған ірімшік берші.</p> <p>«Ішемін, жеймін» ойыны Балалар заттармен іс-әрекеттерді білдіретін сөздерді түсінеді және оларды ауызекі тілде қолданады. Педагог тағамдар бейнеленген үлестірмелі карточкаларды балаларға таратады. Балалар педагог көмегімен «қымыз, шұбат ішемін», «қазы, бауырсақ, құрт, ірімшік жеймін» деп ойын түрінде іс-әрекет жасап, жаңа сөздерді қайталайды.</p> <p>Бата жаттау: Ұлыс оң болсын, Ақ мол болсын.</p>		<p>көктемнің келуін қимылмен көрсетеді: жаңбыр жауады, күн шығады, бәйшешек өседі т.б.).</p> <p>Қорытынды бөлім "Кім тапқыр?" ойыны (педагог суреттерді көрсетіп, балалар атауын айтады және ол қандай дыбыспен басталатынын айтады). Балаларға мақтау айтып, белсенді қатысқандарды мадақтау. "Жақсы сөз" шеңбері: Балалар қазақша жақсы сөздерді айтады (рахмет, сәлеметсіз бе, сау бол, т.б.).</p>		
--	---	--	--	--	--

Қайда барса жол болсын!
Ұлыс бақты болсын,
Төрт түлік ақты болсын!

Сергіту сәті

Қане, қане, тұрындар,
Үлкен шеңбер құрындар.
Қолдарыңмен көк тіреп,
Киіз үйді құрындар.

Қорытынды

Ұлттық тағамдар атауларын еске түсіріп, белсенді болған балаларды мақтайды.

Ересек топ

Тақырыбы:

«Көктем»

Міндеттері:

қазақ тілінің төл дыбыстарын дұрыс айту дағдыларын қалыптастыру;
қарапайым сұрақтарға жауап беруді үйрету;
қарапайым сөйлемдер құра білуге үйрету.

Жұмбақ жасыру.

Қар мұз еріп, су көбейіп,
Сай салаға толады.
Бүршік жарып, жарық ашып,
Гүл бәйшешек басады.
Бөбектерім айтындаршы
Бұл қай кезде болады? (Көктемде)

Бейнежазба көру «Көктем ерекшеліктері»

Суреттермен жұмыс

«Қай мезгіл?»

Қазір кө-ө-ө-өктем мезгілі.
Көктем мезгілінде үш ай бар: наурыз,

	<p>сәуір, мамыр. Көктемде қар ериді. Құстар ұшып келеді. Бәйшешек гүлдейді. Дидактикалық ойын: «Бұл қай кезде болады?» Қимылды әрекет: Күн райы Күн райы, күн райы, қандай екен бүгін? Күн ашық па, жаңбырлы ма, Бұлттар төнді ме, қарлы ма, Күн райы қандай? Қорытынды: Ләпбук «Көктем» Көктем мезгіліне байланысты атауларды еске түсіріп, белсенді болған балаларды мақтайды.</p>				
<p>Балалармен жеке жұмыс (сөздік минимум, диалогтар, тақпақ, өлең жаттау, баяу қимылды ойындар, ұлттық ойындар, ертегі рөлдерін дайындау)</p>	<p><u>Ересек топ</u> Ләпбук «Көктем» Көктем мезгіліне байланысты атауларды еске түсіру</p> <p>«Менің Қазақстаным» ҚР Гимні орындау «Біртұтас тәрбие» жоспары <u>Мектепалды топ</u> «Маған берші» ойыны</p>		<p><u>Мектепалды топ</u> Сергіту сәті Қане, қане, тұрындар, Үлкен шеңбер құрындар. Қолдарыңмен көк тіреп, Киіз үйді құрындар.</p>		<p><u>«Тақия тастамақ»</u> Балалар шеңбер бойымен отырады. Педагог жүргізуші баланы сайлайды. Оған ойынды бастауға көмектеседі. Балалардың барлығы жүргізушімен бірге ойын сөздерін қайталап айтады, ал жүргізуші шеңбер сыртын айнала жүріп, бір баланың басына тақияны байқатпай кигізе салып қаша жөнеледі, бір айналып келіп, тақия кімнің қолында болса, сол баланың орнына отыра</p>

	<p>Балалар сөздерді сөйлемдерде байланыстырып құрастыруды үйренеді Маған қымыз берші. Маған шұбат берші. Маған қазы берші. Маған бауырсақ берші. Маған құрт берші. Маған ірімшік берші. бойынша</p>	<p>қалуға тырысады. Үлгермесе педагогтің берген тапсырмасын орындайды. Ойын сөздері: Бір ойым бар, бір ойын бастамақ, Аты оның тақия тастамақ! «Ұлттық ойын – ұлт қазынасы» балалармен ұлттық ойындар ойнау</p>
--	---	--